

1. Азот қышқылының мольдік массасы
А) 63 моль.
В) 63 г.
С) 63.
D) 63 г/моль.
Е) 63 моль/г.
2. Химиялық таңбасы О ...
А) бір молекуланы көрсетеді.
В) жай заттың бір мольін көрсетеді.
С) салыстырмалы молекулалық массаны көрсетеді.
D) мольдік массаны көрсетеді.
Е) бір атомды көрсетеді.
3. Құм мен қанттың қоспасы ...
А) гетерогенді.
В) біртекті.
С) жай.
D) күрделі.
Е) әртекті.
4. Химиялық құбылысқа жататыны:
А) шынының балқуы.
В) судың булануы.
С) сүттің қайнауы.
D) тамақтың бұзылуы.
Е) судың қатуы.
5. Аллотропиялық түр өзгерістерге жататын заттар □
А) дейтерий мен озон.
В) су мен сутек.
С) оттек пен су.
D) озон мен оттек.
Е) сутек пен оттек.
6. Жай заттар:
А) анилин мен этилен.
В) анилин мен графит.
С) ацетилен мен анилин.
D) алмаз бен ацетилен.
Е) графит пен алмаз.
7. Хлор қышқылының молекуласындағы атомдардың жалпы саны
А) 7.
В) 3.
С) 5.
D) 6.
Е) 4.
8. Құрамында атомдарының саны көбірек молекула
А) натрий сульфиді.
В) натрий сульфаты.
С) литий ацетаты.
D) калий сульфиті.
Е) калий нитраты.
9. Молекулаларының саны тең болатындар
А) 30 г CaO мен 40 г MgO.
В) 8 г CuO мен 4 г NaOH.
С) 8 г O₂ мен 8 г O₃.

D) 16 г O_2 мен 16 г CH_4 .

E) 56 г KOH мен 49 г H_2SO_4 .

10. Салыстырмалы молекулалық массасының мәні үлкен қосылыс:

A) $KHSO_4$.

B) $CaSO_4$.

C) K_2SO_4 .

D) Na_2SO_4 .

E) H_2SO_4 .